

Жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу қағидаларын және "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнертапқышы" атағын беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2018 жылғы 16 тамыздағы № 1272, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 тамыздағы № 410, Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 22 тамыздағы № 583 және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 17 тамыздағы № 319 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 тамызда № 17308 болып тіркелді.

"Қазақстан Республикасының Патент заңы" туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 9-бабының 5-тармағына сәйкес, БҰЙЫРАМЫЗ:

1. Мыналар:

1) Жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу қағидалары;

2) "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнертапқышы" атағын беру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Зияткерлік меншік құқығы департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде интернет-ресурсында ресми жарияланғаннан кейін орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Әділет вице-министріне, жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министріне, жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму вице-министріне және Қазақстан Республикасы энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әділет министрі

M. Бекетаев

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

E. Сагадиев

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрі

Ж. Қасымбек

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

K. Бозымбаев

Қазақстан Республикасы

Әділет министрінің

2018 жылғы 16 тамыз

№ 1272

Қазақстан Республикасы

Білім және ғылым министрінің

2018 жылғы 20 тамыз

№ 410

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму

министрінің

2018 жылғы 22 тамыз

№ 583

Қазақстан Республикасы

Энергетика министрінің

2018 жылғы 17 тамыз

№ 319 бірлескен бұйрығымен

бекітілген

Жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу қағидалары

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насиҳаттау және ол туралы хабардар болуды арттыруды қолдау мақсатында және "Қазақстан Республикасының Патент заңы" туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 9-бабының 5-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Патент заңы) әлеуметтік және экономикалық маңызы бар, бәсекеге қабілетті, экологиялық қауіпсіз өнертабыстарды іріктеу бойынша әзірленген.

2 Тарау. Жыл сайынғы "Шапағат" конкурсын өткізу туралы тәртібі

2. Конкурс жыл сайын конкурс алдындағы жылдың қорытындысы бойынша электронды түрде өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға онлайн өтінімдерді қабылдау ағымдағы жылдың 26 сәуірі мен 26 тамызы аралығында өткізіледі.

Интернет-ресурсын пайдаланушылар арасында дауыс беру ағымдағы жылдың 1 қыркүйек пен 10 қазан аралығын қоса алғанда өткізіледі.

Дауыстарды санау бірегей ұялы телефон нөміріне жіберілген, кодты растау арқылы жазылады.

Дауыстар бірегей ұялы телефон нөміріне жіберілген кодты растау арқылы жазылады.

Дауыс беру аяқталғаннан кейін конкурс қорытындысы шығарылады.

3. Конкурстың ұйымдастырушысы "Қазақстан Республикасының Патент заңы" туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының (бұдан әрі – Патент заңы) 4-1-бабында көзделген сараптамалық ұйым болып табылады.

4. Конкурс төрт кезеңде өткізіледі:

бірінші кезең - онлайн-конкурстың басталуы туралы хабарландыру;

екінші кезең - shapagat.kazpatent.kz интернет-ресурсында онлайн-өтінімтерді қабылдау;

үшінші кезең – дауыс беру;

төртінші кезең – қорытындысын шығару.

Байқау барысында осы кезеңдер бұқаралық ақпарат құралдарында оқиғаны жариялауден қатар жүреді.

5. Сараптамалық ұйым іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жұмысын үйлестіру үшін Ұйымдастыру комитеті құрылады.

6. Алдағы Конкурс туралы хабарландыру Конкурсты өткізгенге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілдемі органның, сараптама ұйымының интернет-ресурсында орналастырылады және мыналарды қамтиды:

- 1) Конкурстың ұйымдастырушының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) онлайн-өтінімтеріне арналған мерзім.

7. Онлайн-конкурсына қатысушыларға арналған талаптар:

1) өз өнертабысы (пайдалы модель, өнеркәсіптік ұлгі) туралы оның маңызын ашпай бейне түсіреді;

2) оны YouTube порталына орналастыру;

3) сайтта онлайн-өтінімді берген кезде роликке сілтеме жасау.

Ролик ұзақтығы үштен бес минутқа дейін.

8. Дауыс беру кезінде келесі критерийлер ескеріледі:

- 1) жаңалығы мен өзектілігі;
- 2) әлеуметтік және экономикалық маңыздылығы;

3) экономиканың түрлі салаларында патенттелген өнертабыстарды енгізу мен қолданудың нәтижелері (кәсіпорынның (мекемелердің, ұйымдардың), ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын тұлғаның, өнертабыстарды орындау актілерін іске ассыру жөніндегі пікірі);

4) өнертабысқа, пайдалы модельге және өнеркәсіптік ұлгіге қолданыстағы патенттердің болуы.

9. Ең көп дауыс жинаған алғашқы он жеңімпаз Конкурс жеңімпаздары болып табылады. Уәкілетті органның басшылығымен немесе басқа да лауазымды тұлғалармен конкурс жеңімпаздары дипломдар мен естелік кәдесыйлармен марапатталады.

Жыл сайынғы "Шапағат"
конкурсын өткізу қағидаларына
қосымша
нысан

ОНЛАЙН – ӨТІНІМ "ШАПАҒАТ" КОНКУРСЫНА ҚАТЫСУ ҮШН

Құпиялық туралы келісім:

Келісемін _____

ТАӘ (бар болған жағдайда) _____

Телефон нөмірі _____

Электрондық пошта _____

Регион _____

Аумақтық _____

Қала _____

Мекенжай _____

Патент берілген:

Өнертабыс _____

Пайдалы модель _____

Өнеркәсіптік үлгі _____

Патент нөмірі _____

YouTube орналасқан сілтеме _____

Енгізу, тиімділік, өзін өзі ақтау туралы мәліметтер _____

Қысқаша сипатама _____

Ескертпе: Қатысушылар видеоролик ұсынған жағдайда, ұйымдастырышылар оның мазмұнына жауап бермейді

Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің
2018 жылғы 16 тамыз
№ 1272

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 тамыз
№ 410

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
2018 жылғы 22 тамыз
№ 583
Қазақстан Республикасы

"Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнертапқышы" атағын беру қағидалары

1 Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнертапқышы" атағын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасындағы өнертапқыштық қызметті насиҳаттау және ол туралы хабардар болуды арттыруды қолдау мақсатында және "Қазақстан Республикасының Патент заңы" туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының 9-бабының 5-тармағына сәйкес (бұдан әрі – Патент заңы) негұрлым маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыстардың авторлары үшін әзірленген.

2 Тарау. "Қазақстан Республикасының еңбек сінірген өнертапқышы" атағын беру тәртібі

2. Патент заңының 4-1 тармағында көзделген сараптама ұйымының бұйрығымен (бұдан әрі – сараптама ұйымы), құрамына Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі (бұдан әрі – уәкілетті орган), білім және ғылым, индустримальық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау және энергетика саласындағы, экологиялық реттеу және бақылау мемлекеттік органдары, патенттеу саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, Әділет органдары қызметінің мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің мүшелері, сараптама ұйымының қызметкерлері кіретін атақ беру жөніндегі ұсынымдарды қарайтын конкурстық комиссия (бұдан әрі – комиссия) құрылады.

3. Атақ әр жылдың екінші тоқсанында сараптама ұйымы өткізетін конкурстың нәтижелері бойынша беріледі.

4. Комиссияның жұмыс органы сараптамалық ұйым болып табылады.

Комиссия құрамына комиссияның төрағасы, төрағаның орынбасары, мүшелері және хатшысы кіреді. Комиссия төрағасы отырыстарға төрағалық етеді, қабылданған шешімдерге жалпы басшылықты және бақылауды жүзеге асырады. Комиссия төрағасының шешімімен ол болмаған уақытта оның функцияларын орынбасары атқарады.

Комиссияның хатшысы сараптама ұйымының қызметкери болып табылады.

Хатшы конкурстық комиссияның мүшесі болып табылмайды және комиссияның шешімдер қабылдауы кезінде дауыс беру құқығы жоқ.

5. Комиссияның отырыстары комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан астамы қатысқан жағдайда, заңды деп есептеледі.

Конкурстың материалдар комиссиясының сараптамасының нәтижелері бойынша комиссияның әрбір қатысушысы әр кандидатқа осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша женімпазды анықтау үшін бағалау парапка толтырады.

Комиссия шешімі бағалау параптарының негізінде хаттамада ресімделеді.

6. Атақ беру жөніндегі алдағы конкурс туралы хабарландыруды Конкурс өткізілгенге дейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей уәкілетті орган және сараптама ұйымының интернет-ресурсында орналастырады және құрамында бар:

- 1) Конкурстың ұйымдастыруышының толық атауы мен орналасқан жері;
- 2) атақ беру туралы ұсынымдар (бұдан әрі – ұсынымдар) арналған мерзім.

7. Ұсынымдар білдіруге:

- 1) мемлекеттік органдар;
- 2) ғылыми ұйымдар немесе қоғамдық бірлестіктер;
- 3) кәсіпорын, мекеме немесе ұйым бастамашы болады.

8. Ұсынымдар қағаз жүзінде еркін нысанда сараптама ұйымына жыл сайын бірінші мамырға дейін беріледі.

9. Өтінішке мемлекеттік органның, ғылыми ұйымның немесе қоғамдық бірлестіктің (немесе оның міндеттерін атқаратын адамның) негізгі (тұрақты) жұмыс орнында бірінші басшысы қол қояды, сондай-ақ ұсынылған кандидаттың өнертабысын (өнертабыстарын) жүзеге асырған кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның бірінші басшысы болуға тиіс, үміткердің тегі, аты, (егер бар болса) әкесінің аты атағы үшін өз номинациясы өнертабыстық қызметінің негізгі бағытын, өнеркәсіп үшін мәні, барлығы патенттер саны, авторлық куәліктер, өнертабысты жүзеге асыру туралы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың пікірінің болуы, өнертапқыштық үшін ынталандыру мен наградалар, басқа да облыстардың осы күнге дейін соңғы үш жылда өнертабыстық қызметтің нәтижелерін, практикалық қолдану кандидаттың еңбегі мен жетістіктерін көрсететін іс-әрекеттер.

Ұсынымға:

- 1) кандидаттың жеке басын куәланыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) неғұрлым маңызды және кеңінен пайдаланылатын өнертабыс туралы пікірлер, рецензиялар және басқа да материалдар қоса беріледі.

10. Келіп түскен ұсынымдарды жыл сайын оныншы мамырға дейін олар бойынша шешімдер қабылдау үшін комиссияның қарауына жіберіледі.

11. Комиссия үміткердің өнертапқыштық қызметке қосқан үлесі үшін келесі критерийлерді ескереді:

- 1) өнертабысқа алынған және тиімді патенттердің жалпы саны, сондай-ақ авторлық куәліктер;
- 2) экономиканың түрлі салаларында патенттелген өнертабыстарды енгізу мен қолданудың нәтижелері (кәсіпорынның (мекемелердің, ұйымдардың), ғылыми немесе

ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын тұлғаның, өнертабыстарды орындау актілерін іске асыру жөніндегі пікірі);

3) аударымдарды тіркеу және (немесе) өнертабысты пайдалану құқығын беру.

12. Комиссия берілген ұсынымдарды түскен сэттен бастап он жұмыс қүні ішінде қарайды.

Комиссия ең жоғары балл алған адамға (адамдарға), оның ішінде бірдей ұпай жинаған тұлғаларға қатысты, атақ (атақтары) беру туралы шешімді қабылдайды.

13. Үәкілетті органның басшылығы және басқа да лауазымдық тұлғалар Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышына дипломды және "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген өнертапқышы" естелік лентасын салтанатты түрде тапсырады.

"Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген өнертапқышы"
атағын беру қағидаларына
қосымша
нысан

Женімпаздарын анықтау үшін бағалау парагы

Тегі, аты, жөні (бар болған жағдайда) _____

Бағалау критерийлері	1-ден 5-ке дейін баға
Өнертабысқа алынған және тиімді патенттердің жалпы саны, сондай-ак авторлық күзілктер	
Экономиканың түрлі салаларында патенттелген өнертабыстарды енгізу мен қолданудың нәтижелері (кәсіпорынның (мекемелердің, ұйымдардың), ғылыми немесе ғылыми-техникалық қызметпен айналысатын тұлғаның, өнертабыстарды орындау актілерін іске асыру жөніндегі пікірі)	
Аударымдарды тіркеу және (немесе) өнертабысты пайдалану құқығын беру	

Конкурстық комиссияның мүшесі _____

ТАЖ (бар болғани жағдайда) қолы